

Мақтаарал аудандық мәслихатының 2018 жылғы 19 маусымдағы № 32-224-VI ""Б" корпусы Мақтаарал аудандық мәслихат аппаратының мемлекеттік әкімшілік қызметшілерінің қызметін бағалаудың әдістемесін бекіту туралы шешімінің күші жойылды деп тану туралы

Түркістан облысы Мақтаарал аудандық мәслихатының 2022 жылғы 10 наурыздағы № 18-103-VII шешімі. Қазақстан Республикасының Әділет министрлігінде 2022 жылғы 14 наурызда № 27102 болып тіркелді

"Құқықтық актілер туралы" Қазақстан Республикасы Заңының 27-бабына сәйкес, Мақтаарал аудандық мәслихаты ШЕШТІ:

1. Мақтаарал аудандық мәслихатының ""Б" корпусы Мақтаарал аудандық мәслихат аппаратының мемлекеттік әкімшілік қызметшілерінің қызметін бағалаудың әдістемесін бекіту туралы" 2018 жылғы 19 маусымдағы № 32-224-VI (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 4651 болып тіркелген) шешімінің күші жойылды деп танылсын.

2. Осы шешім оның алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі.

Мақтаарал аудандық мәслихатының хатшысы

К. Сарсекбаев